

**Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің ректоры
студенттік өзін-өзін басқару орталығы, жастар ісі жөніндегі комитет, белсенді
студенттермен кездесті
№ 1 хаттамасы**

Орал қ.

04.11.2022 ж.

Қатысқандар: 60 адам, соның ішінде ректор Шакешев Б.Т., тәрбие ісі жөніндегі проректоры Абекешев А.И., тілдер және менеджмент факультетінің тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары Нурманова А.К., инженерлік-технологиялық факультетінің тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары Кайыржанов К.Б., студенттік ректор Төлегенова Ж., Педагогика факультетінің Жастар ісі жөніндегі комитет төрайымы Дәүлеткерей Г.М., Тілдер және менеджмент факультетінің Жастар ісі жөніндегі комитет төрағасы Кенжеғали Н.А., инженерлік-гуманитарлық факультеті Жастар ісі жөніндегі комитет төрайымы Мамутова С.А. және белсенді студенттер.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің тәрбие жұмыстарын жүзеге асыру бағытында, сыйбайлас жемқорлықтың алдын алуға арналған және мәдени көпшілік шараларды ұйымдастыру туралы - ректор Шакешев Б.Т.
2. Ашық алан форматында студенттердің сұрақтарына жауап беру – БҚИТУ ректоры Шакешев Б.Т., тәрбие ісі жөніндегі проректор Абекешев А.И..

ТЫНДАЛДЫ:

1. Кездесу барысында ректор университеттің алға қойған мақсаттары, оку үдерісінде қандай өзгерістер болатыны, алдыңғы қатарлы шетел университеттерінен қандай тәжірибе алып жатқанымыз туралы айтты. Сондай-ақ ректор студенттер арасында еріктілерге үлкен артықшылық беріліп жатқанын да айтты. Студенттер арасындағы кездесуде бірлік, толеранттылық, студенттердің ұжымдық рухы, дін және сыйбайлас жемқорлық мәселелері талқыланды.

Шакешев Б.Т. – өз сөзінде БҚИТУ студенттері сыйбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты қалыптастыру мақсатында сыйбайлас жемқорлық деңгейін төмендету және білім беру процесіне қатысушылардың құқықтары мен занды мүдделерін сыйбайлас жемқорлыққа байланысты қауіптерден қорғауды қамтамасыз ету керек.

Академиялық адалдық дегеніміз не? Академиялық адалдық – бұл шындық, сенім, құрмет, әділдік және жауапкершілік қағидаттарын сақтау. Бұл қағидаттарды ешкім қадағаламаған және бақыламаған кезде де ұстану керек. Әрбір оқу орны студенттер мен педагогтарға өз қызметінде салмақты моральдық және этикалық шешімдер қабылдауға көмектесетін өзінің академиялық ережелері мен адалдық нормаларын белгілейді. Мәселен, біздің университетте академиялық бұзушылықтар мен тәртіптік рәсімдерді реттейтін «Студенттердің Ар-кодексі» жұмыс істейді, тәртіп бұзушылықтар кезінде мәселелерді тиімді шешу тетіктері мен қолданылатын шаралар қарастырылады. Бұл ретте негізгі басымдық – студенттердің конституциялық және занды құқықтары мен академиялық еркіндік қағидаттарын қатаң сақтау болып табылады.

2. Сонымен қатар университетте жүргізіліп жатқан тәрбие жұмыстарын жаңа форматта өткізуі туралы студенттерден ұсыныстарға орын берілді.

Ашық алан форматында өткен кездесу барысында студенттер тарапынан сұрақтар қойылып, ұсыныстар айтылды:

1. 6B01401 – Дене шынықтыру және спорт білім беру бағдарламасының ДШС-211 тобының студенті Даuletкерей Гүлжауқар: «Студенттердің өзін-өзі басқаруы бойынша турлі шараларды ұйымдастыру, дайындықты жузеге асыру мақсатында коворкинг орталығын ашуды ұсынамыз» деген ұсынысына университетіміздің ректоры Шакешев Б.Т. келесідей жауап берді:

- Қазіргі таңда студенттердің білім алушымен қатар, өзін-өзі дамыту және басқару ісі маңызды әрекеттердің бірі. Сондықтан біз студенттердің жұмыстану мақсатындағы осында ұсыныстарынызды құп көреміз, әрі коворкинг орталығының ашылу мәселесін шешеміз деп сендіреміз.

6B01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 2 курс студенті Абдыгалиева Лаура университеттегі киім үлгісіне мән беру, қыз балалар тәрбиесі жөнінде алдыңғы қатарлы буын өкілдерімен кездесулер мен өнегелі шаралар ұйымдастыруды алға қоюды ұсынды.

6B01401 – Дене шынықтыру және спорт білім беру бағдарламасының ДШС-211 тобының студенті Сәниева Назерке дене шынықтыру және спорт саласындағы университетіміздің қыздар лигасының жетістіктерін атай отырып, алдағы республикалық жарыстарға іс-сапарлар бойынша қаржылай қолдау мәселесін шешу жөнінде пікір білдірді.

6B03201 – «Кітапхана ісі» білім беру бағдарламасының 3 курс студенті Құрбанбай Мөлдір жатақхананың биылғы бағасы қымбат екендігін атап өтті. Сонымен қатар жатақханада Wi-Fi жоқтығын, су уақытымен берілетіні, кір жуғыштын жоқтығы сияқты мәселелерге университет әкімшілігінің көніл бөлуін сұрады.

6B07301 «Саулет» білім беру бағдарламасының 2 курс студенті Мамутова Салтанат университеттің әкімшілік тарапынан студент биылғы жылы КР Ғылым және жоғары тарапынан Қазақстанның киелі жерлеріне студенттік аймақтық экспедиция ұйымдастыру «Туған жер» бағдарламасы негізінде қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу бағытында Еліміздің мәдени, тарихи, табиғи көрікті жерлеріне жылына жоқ дегенде бір рет топттық (белсенді студенттерге) мәдени-танымдылық экскурсияны ұйымдастыру (Түркестан, Көкшетау, Бөкей хандығы, Шалкар көлі).

«Тасымалдауды, қозғалысты және көлікті пайдалануды құқықтық реттеу» білім беру бағдарламасының 4 курс студенті Карлова Аружан университеттің белсенді жастарын қолдау мақсатында, мәдени көпшілік шараларды жоғары деңгейде өткізу үшін Тәрбие бөлімінің жұмысын қолдау мақсатында жылдық қор бекітуіңізді сұраймын деді.

Кездесу сонында студенттерге өз ұсыныстары мен сұрақтарды әрі қарай онлайн ректор блогы арқылы және студенттерді ректор қабылдау күндеріне келу мүмкіндігі туралы айтылды.

ҚАУЫЛЫ:

1. Университет бойынша ішкі тәртіп пен киім үлгісін сақтауға бағыталған келесі шараларды: кездесулер, видео- роликтер түсірілімі, тәрбие сағаттарын ұйымдастыру.
Жаупты: тәрбие ісі жөніндегі проректор Абекешев А.И.
2. Дене шынықтыру және спорт саласындағы университетіздің спортшыларын алдағы жарыстарға іс-сапарға шығуын қаржылай қолдау мәселесін шешу.
Жаупты: «Барыс» спорт клубының жетекшісі Жасқайратов А.Ж.
3. Жатақхана мәселесі бойынша интернет желісі, су берілуі, және төлемақы мәселелерін шешу жолдары.
Жаупты: комендант Баянов А. Г.
4. Академиялық адалдық туралы ақпарат беріп, «Студенттердің Ар-кодексі» туралы кураторлық сағаттар өткізу.
Жаупты: тәрбие ісі жөніндегі проректор Абекешев А.И., топ эдвайзерлері

БҚІТУ ректоры: 
Хатшы:  **Шакешев Б.Т.**
Абекешев А.И.